«Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Turkistan» индустриалды аймақтарының басқарушы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы өтінішхатын қарау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Түркістан қаласы

9 қаңтар 2025 жыл

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы департаментіне *(бұдан әрі – Департамент)*, «Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі – Басқарма)* 5 қаңтардағы 2025 жылғы №27/9 *«Turkistan» индустриалды аймақтарының басқарушы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін* ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіру жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы өтінішхаты келіп түсті.

Департамент, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 8 шілдедегі № 190/НҚ бұйрығымен бекітілген, монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытынды беру туралы қағидаларын *(бұдан әрі – Қағида)* басшылыққа ала отырып қорытынды жасалды.

Қағиданың 7 тармағына сәйкес, Қорытынды беру мынадай кезеңдерден тұрады:

1) тауар нарығын және оның географиялық шекараларын айқындау;

2) тиісті тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілерінің санын айқындау;

3) қорытынды беру.

- тауар нарығын айқындау:

Басқарма өтінішхатында келесі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарлайды:

- *841119.000.000004 «Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамассыз ету қызметтер».*

Қағиданың 2-тарауының 6-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, Уәкілетті орган қорытындыны беру кезінде ***жеке зерттеулер*** пайдалана алады.

Департаменттің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі «Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы өтінішін қарау қорытындысын тауар нарығын айқындау мақсатында қолданылады.

Жоғарыда көрсетілген қорытындыға сәйкес, *«Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамассыз ету қызметтер»* келесі «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне» ЭҚЖЖ кодына сәйкес функциялар қызмет түрі болып табылмайды.

Осыған орай, Басқарманың өтінішхатында көрсетілген тауарлар (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) келесі тауар нарықтарына сәйкес:

- *«Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамассыз ету қызметтер».*

- **географиялық шекараларын анықтау:**

Басқарманың 2024 жылғы 27 қыркүйегіндегі №27/2476 хатына сәйкес, «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 242-VI ҚРЗ Заңының 1-бабының 9) және 10) тармақшаларына сәйкес:

Индустриялық аймақ – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы, қалдықтарды басқару саласындағы қызмет объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілетін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақ.

Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы – индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін осы Заңға сәйкес құрылатын немесе айқындалатын заңды тұлға;

Облыстық маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы шешімді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы қабылдайды.

Тиісті жергілікті атқарушы орган шешім қабылдаумен қатар өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ құру тұжырымдамасын әзірлеп, оны жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырады.

Өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты құру тұжырымдамасында индустриялық аймақтың орналасу схемасы көрсетіледі.

Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік индустриялық аймақты құру туралы шешімі қолданысқа енгізілгеннен кейін жергілікті атқарушы орган индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын құру және (немесе) құруға қатысу туралы шешім қабылдауға міндетті. Индустриалды аймақтың басқарушы компаниясы, жеке индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын қоспағанда, акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады.

Жоғарыда көрсетілгендей, Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 15 тамыздағы № 174 «Түркістан облысының индустриялық аймақтарының кейбір мәселелері туралы» қаулысымен (бұдан әрі – қаулы), облыстық маңызы бар мемлекеттік индустриялық аймақтар анықталған:

- «Кентау» ИА (25 га);
- Түркістан» ИА (350 га);
- «Бадам» ИА (115 га);
- «Шардара ИА (35 га);
- «Мақтаарал ИА» (28 га);
- «Қазығұрт» ИА (40 га);
- «Түлкібас» ИА (55 га);
- «Бәйдібек» ИА (57 га);
- «Созақ» ИА (50 га).

Сонымен бірге, Қаулыға сәйкес Түркістан облысындағы облыстық маңызы бар мемлекеттік индустриялық аймақтарды басқарушы компания «Turkistan» индустриялды аймақтардың басқарушы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі айқындалды.

Осыған байланысты, Қаулыда айқындалған Түркістан облысындағы облыстық маңызы бар мемлекеттік индустриялық аймақтардың аумақтық шекараларында жеке кәсіпкерлік субъектілері «индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету» қызметін жүзеге асырмайды.

Қорытынды

Департаменттің зерттеулері нәтижесінде, индустриялдық аймақтардың белгіленген географиялық шекараасында *«Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамассыз ету қызметтер»* қызметтерін атқаратын **жеке кәсіпкерлік субъектілері жоқтығын растайды.**

Департаменттің ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіру жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы **2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.**

Бұл ретте, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 85-бабының 4-тармағына сәйкес Департамент бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде **осы қорытындының күшін жою құқығын өзіне қалдырады.**

Бәсекелестікті дамыту бөлімінің бас маманы **А. Отарбаева**

Бәсекелестікті дамыту бөлімінің басшысы **Е. Жайсанбаев**

Департамент басшысы **А. Турысбаев**